

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі Жұмыс тобының төрағасы, Финляндияның елшісі Веса Химанен келіссөздер үдерісі барысында Қазақстан 50-ден аса жаңа заң қабылдап, 10 халықаралық келісімге түзету енгізгенін, олар Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ аясында қабылданғанын атап өтті.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30

ШІЛДЕ
БЕЙСЕНБІ

2015 жыл
№111 (18999)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboyi.kz

ҚАЗАҚСТАН ДСҰ-ҒА МҮШЕЛІККЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

– Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен және Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ бойынша серіктестерімен тығыз байланыста жүргізілген заңнамалық бағыттағы прогресс біздің жұмысымызды соңғы жылы едәуір жеделдетуге мүмкіндік берді. Қазақстанның құжаттар топтамасы – бұл нарықтарға қол жеткізу мүмкіндіктерін жетілдіру ісіне қомақты үлес қосатын, сауданың көпжақты жүйесін жаңғыртатын және ДСҰ-ны нығайтатын жоғары сапалы құжаттар, – деді В.Химанен.

ДСҰ бас директоры Роберто Азеведо еліміздің Ұйымға кіру үдерісі барысындағы Қазақстан Президентінің көшбасшылығына жоғары баға берді.

– Бұл – Қазақстан үшін де, ДСҰ үшін де шынымен тарихи күн. Ұйымға кірудің артықшылықтары – жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табысын арттыру, тұрмыс деңгейін жақсарту. Қазақстан үшін бұл сіздердің соңғы жылдары қол жеткізген жетістіктеріңіз бен жұмсаған күш-жігерлеріңіздің мойындалуы. Бұл – реформалардың кешенді бағдарламасының қисынды нәтижесі, Қазақстанның бизнес үшін ашық екені туралы бүкіл әлемге жолдауы. Бұл күн ДСҰ үшін де айықты болып табылады. Қазақстанның қосылуы біздің пікірталастарымызға қуатты әрі беделді үн қосады. Ұйымда Орталық Азияның жүрегіне жақындатады, – деп атап өтті Р. Азеведо.

Елбасы отырыста сөйлеген сөзінде ДСҰ-ға мүше барлық елдерге, Ұйым хатшылығына келіссөздер барысындағы сындарлы ұстанымдары мен қолдауы үшін, сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобындағы төрағалықты қолдағаны үшін Финляндия Үкіметіне алғысын білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздер өткен аралықта Қазақстан экономикасының құрылымы айтарлықтай өзгерді.

– Экономика мейілінше қуатты әрі ашық бола түсті. Жан басына шаққандағы ІЖӨ



18 есе ұлғайып, Орталық және Шығыс Еуропа деңгейіне жетті. Сыртқы сауда көлемі 120 миллиард доллар деңгейіне шықты. Біздің сыртқы сауда айналымымыздың 90 пайыздан астамы ДСҰ-ға мүше елдерге тиесілі. Сауда қарым-қатынастарының географиясы едәуір өзгерді. Қазақстанның сауда байланыстары 90-жылдардың ортасында бұрынғы кенестік кеңістіктен елдермен ғана жүргізілсе, бүгінде біз әлемнің 185 мемлекетімен сауда-саттық жасап отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті сондай-ақ отандық экономика құрылымында болған

елеулі өзгерістерге де назар аударды.

– Өздеріңізге мәлім, Қазақстан минералдық ресурстарға бай, бірақ біз шикізаттық тәуелділіктен арылу үшін экономика құрылымын өзгертуге ниеттіміз. Бүгінде еліміздегі ІЖӨ-нің 54 пайызын қызмет көрсету секторы қамтамасыз етеді, бұл саланың дамуына біз зор көңіл бөліп отырмыз. Бұлар – қаржы, телекоммуникация, құрылыс, энергетика және көлік салалары. Қаржылық қызметтерді ДСҰ аясында ырықтандыру «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру үдерісімен қатар жүретін болады. Ол Қазақстанның

қаржылық инфрақұрылымының негізіне, ал кейіннен бүкіл өңірдің қаржылық хабына айналады деп сенеміз. Қазақстан барлық елдерді осы жобаға қатысуға шақырады, – деп атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті теңізге шығатын жолы жоқ, планетадағы ірі мемлекет болып саналатын біздің республикамыз үшін инфрақұрылым мен көлік-логистика қызметінің басымдықта дамытынын айтты.

– Біз жаһандық коммуникациялардың бір бөлігіне айналу үшін жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы мақсатпен ірі нарықтарды байланыстыратын стратегиялық көлік

дәліздерін қалыптастырамыз. Біздің инфрақұрылымдық жобаларымыз отандық экономика мен халықаралық нарықтардың игілігі үшін бірегей транзиттік әлеуетті ашуға мүмкіндік береді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы өткен кезең ішінде Қазақстан инвестициялық әлеуетін айтарлықтай ұлғайтқанына да назар аударды.

– Қазір біз инвестициялық ахуалды жақсарту отырып, экономиканы ортаңдандыруға басымдық береміз. Инвестициялар мұнай-газ және тау-кен саласына ғана емес, экономиканың өңдеуші сала-

рына да бағытталуы үшін барлық жағдай жасалған, – деді Мемлекет басшысы.

Жалпы алғанда, Қазақстан Президенті келіссөздер үдерісі кезінде республикамыз экономиканы жаһандық нарыққа ықпалдастыру үшін ұзақ жолды жүріп өткенін айтты. Аукым институтоналдык жаңғыртулар жүргізу де дамуға жаңа серпін береді.

Реформаларды тиімді жүзеге асыру жаңа сапалы институционалдык орта қалыптастыруға мүмкіндік тугызды. Біздің келесі қадамымыз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен белсене ықпалдасу болады. Бірінші кезекте, биыл жүзеге асырыла бастаған Қазақстан Республикасы мен ҰБДҰ арасындағы ынтымақтастық жөніндегі елдік бағдарлама аясында болмақ, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Соңында Мемлекет басшысы еліміздің еркін сауда және ашық ықпалдастық қағидаттарына берік екенін айтты.

Қазақстан аз уақыттан соң ДСҰ нормаларымен жұмыс істей бастайды. Дәйтуғанмен, біз келергілерді жойып, ашық ынтымақтастық қағидаттарын ілгерілетіп, өңірлік ықпалдастық локомитиві бола отырып, экономикалық саясатымызды әуелден-ақ «ДСҰ рухында» құрып отырмыз. Бұл Ұйымның мүшелері арасында сауда-саттық кезіндегі кемсітуге жол бермеу – ДСҰ-ның басты қағидаты. Экономиканы саясатпен араластыратын санкциялық саясат саудаға кедергі келтіреді және ДСҰ қағидаттарына сай емес. Мұндай жайтты болдырмау біздің ортақ міндетіміз деп ойлаймын. Сіздерге бірлескен еңбектеріміз үшін тағы да алғыс айтып, біз Ұйымның барлық мүшелерінің мүддесі, экономика-ларымыз бен халықтарымыздың игілігі үшін ДСҰ аясындағы алдағы жұмысқа дайын екенімізге сендіріп келеді, – деді Қазақстан Президенті.

Отырыс қорытындысы бойынша Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы жөніндегі Хаттамаға қол қойылды.

ӨРКЕНИЕТ БАҒЫТЫНДА ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

Қазақстан қадам жасап отырған Дүниежүзілік сауда ұйымының ауқымдылығы сондай әлемдегі 157 ел осы ДСҰ-ның тәртібімен жүріп, ол бекіткен баршаға ортақ қағидалар, басшылыққа ұстап, жаһандық сауда жүйесінің тәртібімен өмір сүреді. Ендеше, әлемдік сауда элитасының құрамына енген Қазақстан үшін алда тағы бір маңызды кезең басталғанын, оның елімізге еркін саудамен бірге бірқатар жауапкершілік жүктейтінін атап өткім келеді. Дегенмен, бұны ел дамуының кезекті сынағы деп қабылдай аламыз. Ал қиыншылықтарға, ықпалды әсерлерге қарап, ондай сынақты кейінге ысыра беруге де болмайтыны белсенді белгілі. Ойткені, Елбасының сара бағытымен Қазақстан – әлемнің озық отыз елінің қатарына ұмтылған, сол жолды стратегия ретінде айқындап, бекіткен мемлекет. Ендеше, дамыған елдердің басым бөлігі жүріп өткен даңғылы Қазақстанның түсуі де заңдылық.

Ал ДСҰ-ның басымдығына, оның жақын тұстарына келетін болсақ, мыны түрлі салалардан көруге болады әрі ондай мүмкіндіктер мемлекеттердің белсенділігіне де, бәсекелестігіне де байланысты тәрізді. Ең ақыры тұтынушылар үшін, қарапайым халық үшін арзан әрі сапалы тауарлар Қазақстан рыногына ағылады деп күтілуде. Бұл дегеніміз, өзіміздің қазақстандық тауар өндірушілерден де сапалы әрі арзан тауарлар шығару та-

лап етіледі деген сөз. Ондай талап, түгітеп келгенде, отандық компаниялардың бәсекесі қабілеттілігін шыңдайды.

Ресей мен Қытай секілді білімді дүниежүзілік сауда алауыттарының қыспағында тұрған Қазақстанға барынша халықаралық деңгейде реттелген, нақты тәртіпті сүйенетін сауда кенестігі барынша маңызды болмақ. Бүгін болмағанымен, келешек дамуымызда бұндай қалам қазақ елі үшін маңызды болмақ. ДСҰ бұл тұрғыда ешкімді бөліп-жармай, тең қағидаттар ұсынады. Сол үшін Қазақстан да саудаға келгенде барлық елдермен терезесі тең болуы тиіс. Шикізаттық емес секторды өркендету үшін шетелдік инвестиция Қазақстанға аяудай қажет. Ал ДСҰ-ның жастаулық сарашылардың ең басты ұстанымы осы – шикізаттық емес секторға тартылатын шетелдік инвестиция болып табылады. Сондықтан олар Қазақстанның ДСҰ табалдырығын аттаған соң сыртқы қаржыландырудың ағылатынын алға тартады.

Осының барлығы Қазақстанның өркеніетін жаңа кезеңіне аяқ басқанын айғақтайды.

Нұрлан ПІРІМОВ,
ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті басшысы.

ЕРКІН САУДА ЭКОНОМИКАНЫ НЫҒАЙТАДЫ

Бұл ұйымның басты идеясы – сауда еркіндігі. Бірлестіктің талабы – кез келген мемлекетке тұтынушы тауарларын қосымша салық салмай сату. Еліміз бұл ұйымға кіруге 1995 жылы өтініш білдірген еді. Ол кезде ұйым бізге тиімсіз болатын, себебі бізде кәсіпкерлік саласы дамымаған еді. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласына мемлекет тарапынан қолдау көрсетісе ол кезде мүмкін емес еді. Осы жылдар ішінде барлық сала бойынша үлкен жұмыстар атқарылды.

Кәсіпкерлік бәсекелестік болмаса жеткілмейді. Осыны есте ұстаған дұрыс. Бұл ұйымға кіру арқылы біз кәсіпкерлер өз-өзімізді қайтар түсеміз.

Қазақстанға ДСҰ-ның пайдасы өте зор. Ең әуелі еліміздегі нарыққа ең ықпал етеді. Екіншінен, келендік одақтасымыз – Ресей ДСҰ-ға мүшелікке өтті. Біз қазір сауда ұйымына мүшелікке өтпесек, елдегі бағаның өсуі тоқтамай, экономикалық ахуал жайлап төмендей бастауы мүмкін. Келендік одақтың мүшелігі ретінде дұрыс қадам жасасaq, әлемдік стандарттарға сәйкес баға мәселесі реттеледі. Бұл жерде тұтынушылар мен кәсіпкерлерге көп көмегі болады.

ДСҰ сапындағы елдерде тауар құны төмен. Кәсіпкерлік са-ласы күшті бәсекелестікке төтеп беріп, нәтижесінде сапалы

өнімге қол жеткіземіз. Кез келген саладағы тұтыну заттарының нарықтағы бағасы бірізділікке түседі.

Еліміздің ауылшаруашылық өндірісі әлемнің кез келген елінің өнімімен бәсекелесе алады. Сондықтан да ішкі нарықты реттеу мақсатында белгілі бір дәрежеде ауылшаруашылық саясатын жүргізуге қажет. Бірінші бағытта ауылшаруашылық өнімдерін алдыға шығарып, екінші бағытта ашық нарықтар-дар аясын шектейміз. Бар мүмкіндікті өзіміздің өндірушілерге беріп, субсидия бөліп, инвестиция тартуды арттырамыз. Ол үшін ауыл шаруашылығын ілгерілетіміз деген фермерлер-ге 3-5 жыл көлемінде көмек қолын созып, шаруашылығын өнгерілетіп әкелуге жәрдем көрсеткен қол. Себебі өзге мем-лекеттер мен көрші Ресей, Беларусьпен де ауыл шаруашылығы қарқынды дамыған. Сондықтан да алдымен өзіміздің сүт, май, астық басқа да өнімдері дамыған корпорацияларымыз арқылы өз өнімдерімізді шетелге жібереміз. Біз оларға тауарымыздың сапасын көрсету арқылы белгілі дәрежеде шектеу қойып, өз өнімдімізді экспортқа шығарамыз.

Бердібек ҚАДІРОВ,
«Шаған Жер» ЖШС төрағасы.

● ТАЛАПКЕР – 2015

АЙМАҚТА БІЛІМ ГРАНТЫН АЛУҒА БАРЫНША ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУДА

Елбасы Н.Назарбаев атап өткендей, жалпыұлттық Маңгілік Ел идеясын басты бағдар етіп, Тәуелсіздіктің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдыратын, келешекті кемел ел қылып бастайтын көшбасшы, ұлт мерейін тасытар білікті де білімді маман кезеңі қабырғасында. Ғылым мен білімнің үстемдік құрып тұрған осы-нау заманында көшпен қалмай білімді, бәсекеге қабілетті, Отанын, ұлтын сүйетін елжанды ұрпақ тәрбиелеуде бүгінгі білім ордаларының атқаратын қызметі айрықша. Осы арада жыл сайын білім саласына баса назар аударылып, білім сапасының артуына, түлектердің

қоса «Алтын белгіге» ұсынылған үміткерлердің 60 пайызы өздерінің білімін дәлелдеп шықты. Атап айтқанда, биыл 139 түлек «Алтын белгі» иегері атанса, өткен жылы олардың саны 94 болды. Сыр өңірі оқушыларының әртүрлі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда жеңіске жетуі тек мектептің ғана емес, сонымен бірге ұстаздың да мерейі.

2013 жылы аймақ басшысы ауылдық жерлерде тұратын қарапайым әрі қонбалалы отбасыларының оқу-білімге құштар, қабілетті балалары үшін арнайы өзінің оқу грантын тағайындағаны қызылордалық жастарға үлкен

жеткіншектердің жоғары оқу орындарына түсіп, мамандық алуларына жағдай жасап отыр-мыз. Бала – біздің болашағымыз, ұлтымыздың келешегі. Сондықтан оларға жағдай жасау аға буынның міндеті деп білеміз, – деген болатын.

Сол кезде, яғни, 2013 жылы 123 мектеп бітіруші облыс әкімінің оқу грантын иеленсе, өткен жылы бұл мәртебеге әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасынан шыққан 242 түлек қол жеткізді. Қазір барлығы 365 сырбойлық өңірге қажетті мамандықтар бойынша ЖОО-да әкім грантымен оқуда, олардың саны биыл тағы да 365-ке артпақшы.

Сондай-ақ, екі жыл болды, Сыр өңірінде облыс әкімінің қолдауымен мектеп бітірушілерді тікелей Ресейдегі Мәскеу болат және қорытпалар институтына, Санкт-Петербург технологиялық университетіне, сонымен бірге К.Сәтпаев атындағы КазҰТУ мен отандық басқа да алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары мен колледждерге оқуға жіберіліп отыр. Алғашқы жылы 93 жас Ресей оқу орындарына оқуға қабылдана, биылғы жылы аталған ресейлік және басқа да алдыңғы қатарлы халықаралық деңгейдегі білім ордаларына біздің мектеп бітірушілерімізге 400-ден аса орын берілді. Біздің экономикамыздың сұранысына орай ба-лалар негізінен техникалық мамандықтарға жіберіледі.

Биыл Мәскеу болат және қорытпалар ин-ститутына түсіп, студент атанып отырған қызылордалық талапкердің бірі – Қомекабай Сармолдаев. Ол №15 мектеп-лицейінің түлегі.

– Мен Қазақстаннан өзге елде оқып, басқа елдің мәдениетімен, халқымен танысып, араласқанды армандайтынмын. Былтырдан бері біздің қызылордалық жастардың ресейлік білім орда-ларынан білім алуына мүмкіндік туғанын естіп, қуандым. Сондықтан биыл сол жақтан маман-дар келіп емтихан алғанда өзім де қатысып, нәтижесінде Мәскеу болат және қорытпалар ин-ститутына қабылдандым. Әрине, қуанышымда шек жоқ. Қызылордалық жастарға осындай

мүмкіндік берген облыс әкіміне айтар алғысым шексіз. Сондықтан еліміздің үмітін ақтауға ты-рысамын, – дейді ол.

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес оңтүстік облыстардың жастарын солтүстік аймақтардағы техникалық және кәсіптік оқу орындарында оқытуды ұйымдастыру барысында өмірге кел-ген «Серпін – 2050» жобасына Сыр өңірінің жастары көптеп қатысуда. Яғни, мәліметтерге сүйенсек, бытыр жобаға Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының жастары айрықша белсенді қатысқан. Атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстан облысының жастары 837 грант иеленсе, қызылордалықтар 778 грантқа қол жеткізген.

«Серпін» жобасы бойынша Өскемен политехникалық колледжінде білім алуға мүмкіндік алған Нұрхан Айналлиннің әжесі, қала тұрғыны Сайдулла Нұрымбетов оқуға қабілеті бар жастарға мүмкіндік беретін бұл жобаны қолдайтындардың бірі. Себебі, он бірінші сы-ныпты бітіргеннен, ҰБТ-ға қатыспаған ұланың колледжге түсіп, мамандық алып шығатынына қуанышты.

– «Серпін» жобасы ең алдымен біз секілді қарапайым отбасылар үшін қажет. Біздің елімізде қонбалалы отбасылары көп. Олардың барлығының бірдей балаларын жоғары оқу орындарында ақылы түрде оқытуына жағдайлы бола бермейтіні белгілі. Сондықтан талабы бар балалар үшін бұл жоба таптыр-мас мүмкіндік, отбасына да қолдау, – дейді ол ағынан жарылып.

Биыл «Серпінге» бөлінген грант үш есе-ге өсіп, 6200-ге жетті. Олардың бес мыңы тек жоғары оқу орындарының гранттары. Осы орай-да биыл облыс бойынша 2500-дей грант алу жоспары бар. Міне, осылайша ағымдағы жылы мектеп бітірушілердің жартысын Қазақстан мен Ресейдің алдыңғы қатарлы ЖОО мен коллед-ждерде гранттар есебінен оқытуды қамтамасыз ету көзделген. Бір айта кетерлігі, мұндай жағдай бізден басқа бірде-бір облыста жоқ. Осындай зор мүмкіндік, жарқын өмір сыйлап, нұрлы болашаққа, өркениетке ұмтылған елдің жастар-ы да елінің қадіріне жететін, өз заманына сай білімді, елжанды, тәрбиелі азамат болады деген үміттіміз.

Айнұр БАТТАЛОВА.



Ресейде оқитын облыс жастарымен кездесу. 2014 жыл.

жоғары білім алуына барынша жағдай жаса-лып келеді. Әсіресе, бұл облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен, тікелей қолға алуымен соңғы үш жылда қарқынды іске асыры-луда. Өңірде білім сапасын көтеру бағытындағы тиянақты жұмыстар өз нәтижелерін көрсетуде. Мәселен, облыс ҰБТ көрсеткіштерін бойын-ша өткен жылы республика өңірлері арасы-нда 16-орынды иемденсе, үстіміздегі жылы аймағымыз бесінші орынан көрінді. Бұған

үміт, қуаныш сыйлағаны белгілі. Сол кезде об-лыс әкім бұл ізгі істі былайша түсіндірді. – Сыр елінде талапты, қабілетті балалар аз емес. Алай-да көбісінің жоғары оқу орындарына түсіп білімін ұштауға, мамандық алуға мүмкіндіктері бола бермейтіні анық. Осы арада біз табыны құмға күйген, маңдайың күл сүйген қонбалалы, қарапайым отбасының ғылым-білімге құштар, ынтылы, сабағын жақсы оқитын балалары үшін арнайы оқу грантын тағайындап, сол



ТӨРТ КӘСІБІН ТӨРГЕ ОЗДЫРҒАН

Талаптыға нұр жауар. Мұны күнделікті тіршілікте жиі еститіміз анық. Астарына үңілесіз, салмақты ой жатыр. Аудан орталығында «Нұршауақ» аталатын автобекет бар. Аталуының өзінен жылы арай есетін көлік тұрағының пайдалануға берілгеніне аса көп мерзім болған жоқ. Десе де, санаулы уақытта көпшіліктің жылы іттипатына бөленіп үлгерді. Бұл жерге қадам бассаңыз, халыққа қызмет жасаудың жоғары үлгісін көзбен көресіз. Ендеше бірге саяхат жасалық. Аумақты ауданың көрікті жеріндегі еңселі ғимарат автобекет болып шықты. Мұны білгенде елең ете түсікті. Оған себеп те жеткілікті. Күні кешеге дейін облыс орталығына қатынайтын автобустар теміржол маңайынан қозғалып жүрді. Қақпаған қыста шұақты, аялпаңа көлеңкелі паналайтын жүргіншілер көптеген қиындықты бастарынан кешіретін. Әсіресе, бұл жайт қарттарға,

дында. Біз де «Жаксының жақсылығын айт» қағидасымен «Нұршауақ» автобекетіне орналасқан серіктестіктің аяқ алысымен танысууды ұйғардық. Қаншама ерте жеттік десек те, мұндағы қызу тірлік әлдеқашан басталып кетіпті. Жанарымыз қаз-қатар тзылген жүк машиналарына түсті. КамАЗ көліктеріне колмен сындырып дайындалған тас толтыра тиеліпті. Ел ішіне «жемтік» атауымен мәлім құрылыстың іретасына қосуга өте тиімді тас қиыршығы Төретамнан жеткізіледі. Бағасы көңілге қонымды. «Арнайы» белгіленген орын әрі көпшілік жиналатын жер болғандықтан «Нұршауаққа» келеміз. Бұған халық та дағдыланды. Сандаулы уақыт жоғалтпайды. Сатушыға да, тұтынушыға да тиімді» дейді біз тілдескен жүргізушілер. Нарықтың заңы ұтырылы әрекетті ұнатады. Уақытпен үндескен жігіттердің кәсібіне береке тіледік.

Ғимараттың табалдырығынан аттағаннан денеміз сергіп сала берді. Билет жүйесімен жұмыс жасайтын касса маңында адам қарасы мол. Автобекеттің қызмет жасау сапасы облыс орталығымен теңдес десек, артық емес. Мұнда тәулігіне 800-900 жолаушы легіне қызмет көрсетуге мүмкіндік қарастырылған. Асхана, жүк қоймасы,



қонақ үй, жүргізушілердің демалыс орны, дәрігерлік бөлім, дәрхана өзге бөлімдермен қамтылған. «Нұршауақ» адам ғұмыры, жолаушылардың аман-дұрыс сақтау алғашқы кезекте тұр. Жүргізушілер қауымы күнделікті дәрігерлік қатан сұрыптаудан өткізіледі. Медициналық талаптан сүрінсеп кешіп, кім болсаң да жолапарға жіберуге рұқсат мүлде берілмейді. Аула ішіндегі сауда қатарлары кеңейтіліп, қайта жасакталып жатқанын байқалдық. Қарқынды жұмыс бағыты толық іске қосылғанда озық үлгідегі базарға айналарын дәлелдейді. Нақты кезеңде «Нұршауақ» автобекетінде 30-ға тарта адам тұрақты еңбек етеді. Бұл Бекбауыловтың елдегі жұмыссыздықты азайтуға қосқан сүбелі үлесінің бір бөлішеі ғана.

Сонымен қатар Беккали іргелі жұмыс «Қазалы таксиді» ЖШС-ның да қызметін қалағалайды. Ғасыр тұрғысында облыс көлемінде алғашқылардың қатарында ашылған аталмыш мекеме сынақтан сүрінген жоқ. Керісінше толысып, құлашын кеңге жайды. Таксиді үйге шақыру қызметімен өзгелерден ерекшеленетін серіктестік тәжірибелі жүргізушілерден жасакталған. Тұтыну-

шыға ізеттілік таныту «Қазалы таксиді» негізгі ұстанымы саналады.

Қазалының көктемгі шұбылаңқы келеді. Ауаудан тұрғындарды қыста жағар отынды қапысыз дайындауға бар ын-тасымен кіріседі. Бұл орайда Беккали Бекбауыловтың «Қазалы отын» ЖШС маңызды сипатқа не. Қазалылықтардың басым бөлігі Беккалдың Қарағанды, Екібастұз, басқа да өңірлерден жеткізетін көмірін пайдаланады. Осылайша аудан көлеміндегі ірі бірнеше серіктестікті құрумен шектелмей, тамырына нәр жүгіртіп, жандандырып, қыруар адамды жұмыспен қамтып отырған Бекбауыловтың Беккалына қалайша риза болмасын?! Бәкеннің халық қалаулысы депутат атануының сыры жанкешті еңбегінің жемісі деп түйсінуге абзал.

Біздің кейіпкеріміз имандылық үрдісін ту көтерген азамат. Бейнеттеніп тапқан дәулетін ысырап қылтуға кім құштар дейсіз. Жоқ-жуқаға жәрдем жасау, қиналғанды қолтығынан демеу жүргізі жомарт жанға тән. Бұл қағида Беккалыға да ортақ. Тұрмысы төмен отбасыларға, жалғызбасты қарияларға қарасу қанға сіңген қасиет. Қала, кенттегі мешіттерге, Жанқожа батыр кесенесіне отынмен жәрдемдесуі парызы іспетті. Өркімнің туған жері – өзіне жұмақ. Атақонысы Ұялы Беккалы үшін көздің қарашығындай қастерлі. Сол өңірден өткен аруақтарға құран бағыштапты, мәрмәр тастан белгі қойды. Кемерінен шалқып-төгілген теңіздің орнындағы шағыл төбелерге кентің босалды. Бір сәт сезімге ерік берді. Дүр сілкінгі қайта шырықты. Перзенттік пейілімен танымал өнерпаздарды ертіп барып ас соның тойға ұластырды. Беккалдың жанашырлығы тек мұнамен шектелмейді. Бірліктен «Ғамберді ишан» мешітін салдыруға кірісті. Қабырғалары ақ кірпіштен қаланған Алланың жердегі үйінің жамағатқа есігін айқара ашар кез жакын. Қарымды қаламгер Ғалия Орынбасардың «Әзіл» әңгіме кітабының жарыққа шығуына демеушілік танытты. Емші әулие Пәуелдің Сыдықовтың анасы мен қолжазбалары туралы хикаят осылайша оқырманмен қауышты. Жомарт жүректі азамат кәсіптерін дөңгелетіп, ондаған адамды еңбекпен қамтып отыр.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданы.

● АУЫЛ – АЙМАҚ

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫ

Жаңауа жараасы жинаған жүгімен емес, тату-тәтті тірлігімен, өзара сыйластығымен, ынтымақ-бірлігімен бағалы. Елбасымыздың бұл лөбізі кәзір қанатты қағидаға айналғандай. Осы тұрғыда жер-жерде тағылымды шаралар жиі өткізілуде. Қазалыда «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы мен «Әйтеке би кенттік клубы» МКҚ кәсіпорны ұйымдастырған отбасылардың байқауы мағыналығымен өтсе қалды. Көшбасшы партияның саяси Доктринасын іске асыруға бағытталған жобалары аясындағы «Бақытты отбасы» сайысына аудан көлеміндегі елді мекендерден 6 жаңуа қатысты. Шараның шымылдығын құттықтау сөзбен ашқан «Нұр Отан» партиясы Қазалы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қасқырбек Мәмбетжан саяси Доктринада отбасы – қоғам құндылықтарын сақтаудың аса маңызды институты, отбасын нығайту, дәстүрлерді

қадірлеу мемлекетті дамытудың кепілі деп атап көрсетілгеніне, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, еңбексүйгіштік, білімге құштарлық отбасынан қалыптасарына кеңінен тоқталды. Мұнан соң сайысқа кезек берілді. Төрт кезеңнен құралған байқау барысында таныстыру, өз өнерін паш ету, ас мәзірін дайындау, сахналық көрініс қою шарты бойынша талапкерлер бағын сынады. Қатысушыларға денсаулық саласының ардагері Рахила Ермағамбетова, «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Әшір Нұрбиі қазылық жасады. Әлденеше сағатқа созылғанымен көрермендерін жалықтырмаған байқаудың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап кету ләзім. Нәтижесінде Бекарыстан би ауылынан келген Токболатовтар отбасы жеңімпаз атанса, кәукейлік Тәуекеловтер екінші орынды иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар, бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданы.

КӨРМЕНИҢ КӨРКІ – ҚОЛӨНЕР

Көркемсурет галереясы мен облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы жергілікті көлөнершілермен бірлесіп, дөңгелек үстел ұйымдастырды. Шараның басты мақсаты – «ЭКСПО – 2017» дүниежүзілік көрмесіне облысымыздағы көлөнер шеберлерінің бұйымдарын дайындаудағы басты мәселелерді талқылау.

«ЭКСПО – 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін Елордамызда өткізу – мемлекетіміздің негізгі ірі жобаларының бірі. Аталмыш көрмеге Сыр өңірінің көлөнер шеберлерінің дайындығы жоғары деңгейде. Талапқа сай көрмеге ұсынылатын бұйымдарды дайындау мақсатында облысымызда кәсіпкерлік және туризм басқармасы мен көркемсурет галереясы бірігіп, көлөнер шеберлері арасындағы түрлі деңгейдегі байқаулар ұйымдастырып келеді. Алдағы тамыз айында тағы да, кезекті көлөнершілер байқауы өтетін болады. Мұнда көлөнершілердің Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясы және Конституциямыздың 20 жылдығына арнап жасаған бұйымдары бағаланады. Аталмыш байқауға 15 номинация тағайындалған.

Ұйымдастырушылар бүгінгі жыныда алдағы байқауға көлөнершілерді белсене атсалысуға шақырды. Сондай-ақ, шара соңында барлық қатысушылар халықаралық көрмеге сапалы бұйым әзірлеудегі өз ойларын ортаға салды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.



СТК ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Жуырда Жалағаш ауданы әкімдігінде ауыл әкімдері мен ауылдық СТК төрағаларының қатысуымен селолық тұтыну кооперативтері жұмысын жергілікті өзін-өзі басқару қағидасы бойынша аудандық кеңес өтті.

Мәжілісте аудан әкімі Т.Дүйсебаев ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға шолу жасады. Ал СТК ұйымдарының жұмысына баға берген аудандық ауылшаруашылық бөлімі басшысы С.Нұрымбет елді мекендердегі СТК-ларға жергілікті бюджеттен және басқа да қаржы көздерінен ақша бөлінбегендіктен, ауылда атқарылатын жұмыстарды талап тұрғысында жүргізе алмай келе жатқанын атап көрсетті.

Кеңесте пікір білдірген Мәдениет ауылдық округі әкімі А.Алсестен, Жалағаш кенті әкімі Қ.Құлмахан, Таң ауылы әкімі Р.Ахметова, су пайдаланушылар кооперативі төрағасы Е.Рахметул аудандағы СТК жұмыстарының дұрыс жолға қойылмай келе жатқан себептерін тоқталды. Яғни, қаражат көздерінің шешілмеуі, алғашқы көмек пен демеушілік жұмыстарының болмауы, техника жетімсіздігі, елді мекендерге бөлінетін қаржыны игеруде теңдер конкурстарының сәйкессіздігін атап өтті. Олар бюджет қаражатын

тікелей қарастыру мәселелерін алға тартты. Кеңес отырысында айтылған ұсыныспікірлерге тиісті түсініктер бере отырып, облыстық СТК төрағасы С.Даллабаев ауданда атқарылып жатқан жұмыстың өз дәрежесінде емес екендігіне назар аударды. Бұл салалық қызметтің бәрін тек бюджет қаражатына кезіп тірмей, оның басқа да ұйымдастыру іс-шараларының бар екенін нақтылап, ауыл әкімдеріне қай бағытта болсын қызметтер саласын үйлестіруге болатынын айтты. Дәлел ретінде ауданда 2005 жылдан бастап 17 селолық тұтыну кооперативтері жұмыстарын бастап, олар арқылы әр жылдары 6,3 млн-нан 15 млн теңге көлеміне дейін түрлі мәдени-тұрмыстық игілікті жұмыстар атқарылғанын жеткізді. Әсіресе Жалағаш кенті, Аксу, Жаңадария, Шәменов ауылдарындағы бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз етудегі «Асар-Жаңаталап» СТК жұмыстарын мысалға келтірті, мәселені реттестіру жолдарын кеңінен әңгіме етті.

Мәжіліс соңында аудан әкімі Т.Дүйсебаев СТК жұмысын жандандыру уақыт талабы екенін, қолдан келгенше көмек берілетінін, СТК төрағаларына ауыл әкімдерімен бірлесе жұмыс істеуді тапсырды.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Жалағаш ауданы.

● БРИФИНГ

КӘСІБІ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚҰРУ

Аптаның алғашқы күні «Сыр Медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, тәртіптің кеңес төрағасы Марат Оразалі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арнап брифинг өткізді. Онда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институттық реформасы әңгіме өзегіне айналды.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сайлауалды бағдарламасы ретінде жарияланған Қазақстанның даму жолына арналған бес институттық реформасы бүгінде халық арасында үлкен қолдау тауып отыр, – деді Марат Оразаліұлы. – Аталмыш реформа аясында жүзеге асырылатын Ұлт жоспары – еліміздің жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап, сонымен бірге мемлекетімізді дамыған отыз елдің қатарына қосуга бағытталған бағдарлама.

Жаңаша бастау алған «100 нақты қадамның» алғашарты – кәсіби мемлекеттік аппарат құру десек, ол мемлекеттік қызмет саласын жетілдіру мен мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіруге бағытталған іс-шараларды қамтиды. Осыған орай бірқатар реформалар орын алады деп күтілуде. Бұл біріншіден, мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшу десек, екіншіден, министр мен жауапты хатшылар арасында өкілеттіктерді айқын шектеу арқылы мемлекеттік аппараттың автономиялығын қамтамасыз ету, үшіншіден, 2016 жылдың бірінші қантарынан бастап мемлекеттік қызметшілерге еңбекке қабілеттілік факторылық-балдық шкаласына көшу, төртінші – мемлекеттік қызметшілердің нәтижеліліктерін тұрақты бағалап, бонустар төлеп отыруды енгізу, бесінші – мемлекеттік аппараттың кәсібилендіру, алтыншы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды күшейту. – Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заң әзірлеу және мемлекеттік қызметшілерге аттестаттау жүргізу. Бұл жаңа қадам жоғарыда аталған тұжырымдамалық ұстанымдар бекітіліп, оның негізгі қағидалары барлық құқық қорғау органдарына да олардың салалық заңдарын сактай отырып жүргетін болады.

Жаңа модельдің аясында білікті кадрларды іріктеуді қамтамасыз ету, меритократия негізінде оларды ұстап тұру және жоғарылату, сондай-ақ, адам емес әрі біліктісіз қызметкерлерді қызметке жібермеу үшін алдағы 2016 жылы мемлекеттік қызметшілерді кешенді аттестаттау жүргізу көзделуде.

Жалпы, Елбасы ұсынып отырған бұл реформалардың басты мақсаты – мемлекеттік қызметтің меритократия қағидаты негізінде барлық азаматтарға өз қабілеттерін жүзеге асыру үшін бірдей мүмкіндіктер берілетін әділ қазақстандық қоғамның түп бейнесіне айналуды. Себебі, мемлекеттік қызметті жетілдіру арқылы ғана елдің экономикасы мен қоғамның әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізуге болады.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ОТБАСЫ РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ

Қоғам және мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, бұрын Қызылорда облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, халық депутаттары облыстық кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған Евгений Михайлович Золотаревтің отбасынан облыс әкімі К.Е.Көшербаевтың атына жеделхат келді. Онда былай делінген:

Құрметті Қырымбек Елеуұлы!

Сізге, қызылордалықтарға және Қызылорда облысының әкімдігіне отбасымыздың атынан әкеміз Золотарев Евгений Михайловичтің қайтыс болуына байланысты біздің қайғымызға ортақтасқандарыңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Тығыз жұмыс кестесі мен жолдың алыстығына қарамастан әкеміз Золотарев Евгений Михайловичтің жаназасына Украинаның Полтава қаласына Қызылорда облысынан арнайы делегация жібердіңіз. Мұны біз және ағайын-туыстар мен әкеміздің әріптестері ол шын ниетімен қызмет еткен өңірдің басшылығы мен елінің құрметі мен қамқорлығы деп қабылдадық. Үлкен рахмет!

Құрметпен, Золотаревтар отбасы.

● ҰЛТ ЖОСПАРЫ – БЕС РЕФОРМА, 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

ЖАСАМПАЗДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мәжіліс залында Мәдениет және спорт министрлігі тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары Ербол Нұрғалиевтің басшылығымен, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары – жасампаздық әлеуетті көтеретін бағдарлама» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Шараға мәслихат депутаттары мен саяси партиялар, мемлекеттік органдар, жастар ұйымдары, этно-мәдени орталықтар жетекшілері, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ өкілдері қатысты. «100 қадамды» жүзеге асыруға бағытталған басқосуда Ұлт жоспарының «Біртектілік және бірлік» атты IV бағыты талқыланды. Жылғы барысында Ербол Жолдасбекулы бес институттық реформаның әрбір қадамының мемлекеттік қызметтің барлық саласының алға өрлеуіне ықпалы мол екенін атап өтті.

Ұлт жоспарының жүзеге асыру мақсатында облысымызда түрлі деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Қазіргі таңда

барлық мемлекеттік қызметкерлер «100 нақты қадам» аясында өз саласында белсене жұмыстар атқаруда. Сондай-ақ, бірнеше мемлекеттік қызметкерлер облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен, аудан, ауылдарды аралап, тұрғындармен кездесулер өткізіп тұрады. Мұндағы басты мақсат – бес институттық реформаны халыққа толыққанды насихаттау. Ұйымдастырушылардың айтуынша, «100 нақты қадамның» барлығы халықтың көңілінен шығып отыр.

Бүгінгі басқосуға қатысушылар барлық мемлекеттік қызметшілер айналасында бірлік жайында ойларын айта отырып, «100 нақты қадамды» жүзеге асыру жолында Ербол Нұрғалиевке өз ұсыныстарын білдірді. «Сырдария өйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Үлмекен Жаналиева үкіметтік емес ұйымдардың ауқымды жұмыстар атқарып жатқанын әскерде отырып, оларға қызметіне сай жалақы тағайындалса деген ұсынысымен білдірді. Сондай-ақ, облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Бекжан Есенбаев реформада қаралған ұлт тұғырылы тіл мәселесін толыққанды тарқатып, білім орындарындағы жоғары



сынып оқушыларына ағылшын тілінен сабақ беретін мұғалім бар да, басқа пәндерден ағылшын тілінде дәріс өтетін мұғалімнің жетпейтінін атап өтті. Шара соңында Ербол Жолдасбекулы ұсыныстарға жауап беріп, басқа да сұрақтарға жауапты органдарға жеткізіліп, тиісті жұмыстар атқарылатынын айтты.

– «Ұлт жоспарының» мемлекетіміздің алға өрлеуіне ықпалы мол.

Республика көлемінде «100 нақты қадамды» жүзеге асыру мақсатында түрлі деңгейдегі басқосулар өткізіліп жатыр. Бүгінгі жиын барысында бес институттық реформаны жүзеге асыру жолында Сыр жұртшылығының белсенділігі, өз жағдайы деңгейде екеніне куә болып отырмыз, – деді Ербол Нұрғалиев.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Төртеу түгел болса, төбелегі келеді. Бұл – ежелден ынтымақ-бірлікті мұраттаған халқымыздың басты қағидасы. Сан ғасырдан бері ұрпақтан ұрпаққа мирас болған татулықтың дәнегі қазір кеңінен өркен жаюда. Түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің ортақ Отаны – тәуелсіз Қазақстанда достық ұғымы бәрінен жоғары тұр.

Осынау қасиетті сөздің шынайы мағынасы Елбасымыздың Ұлт Жоспарында маңызды сипатты неленгені баршаға аян.

Осыған орай теңіз тоскелінде алқалы жиын өткізілді. «Нұр Отан» партиясының Арал аудандық филиалындағы басқосу Президентіміздің «100 нақты қадам» – Ұлт Жоспарының «Біртектілік және бірлік» атты 4-ші реформасын жүзеге асыру барысына арналды.

Жылдың «Нұр Отан» партиясының Арал аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Алдбергелі Жоланов жүргізді. Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясы орталығы хатшылығының бас инспекторы Айгүл Сағымбай, облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Бақытжан Камалов тақырып төңірегіндегі ойларын ортаға салды.

Өзінің баяндамасында Айгүл Сағымбай Елбасының Ұлы Жобасы – «Мәңгілік елдің» құжаты екендігін, «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасы мен Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеяларын ілгерілету жұмыстары қоғам белсенділерінің ерен еңбегін қажет етеріне кен тұрғыда тоқталды.

Облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Бақытжан Камалов өз сөзінде Елбасы ұсынған реформаның төртінші қадамында «Бірлік пен Біртектілік» бағытының жүзеге асырылу жолдарын атап өтті. Сонымен қатар, біздің еліміз әртүрлі ұлт пен дін өкілдерінің тығыз өзара әрекеттесуінің мол тәжірибесіне не екендігін баса айтты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Арал ауданы.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ

Қазақстан егемендік алып, дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болуы арқылы халықаралық қауымдастыққа өзіне сәйкес құқықтар мен міндеттерді қабылдады. Солардың бірі – зияткерлік меншікті қорғау.

Қазақстан – Дүниежүзілік зияткерлік меншік Ұйымының мүшесі. Сондықтан зияткерлік еңбек әрбір азаматтың жеке мүлдіктің құқығы не мессе оның жеке меншігі. Жалпы авторлық құқық – автордың мүлдіктің және мүлдіктің емес жеке құқықтары болып табылады. Авторлық құқық – мақсаты, мазмұны мен маңызы, сондай-ақ, берілу әдісі мен нысанына

қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым. Ол әдебиет туындыларына қолданылады.

Қазіргі таңда авторлық және сабақтас құқықтарды сақтау, осы саладағы құқық бұзушылықтарды түбірімен жойып, тіпті болмаса оны барынша азайту ең дамыған елдердің де, біздің мемлекетіміздің де кезек күттірмейтін міндетіне айналған. Алайда, автордың құқығын бұзып, оның еңбегін, маңдай терімен жеткен жетістігін өзгенің пайдалану жағдайлары әлі таластар емес. Солардың ішінде әсіресе, авторлық құқық нысандарын пайдалану, музыка саласында, бұқаралық ақпарат құралдарында, кітап шығару ісінде кеңінен етек жайғаны да жасырын емес. Авторлық құқық – өнер мен

әдебиетті, ғылымды өмірінің айнасы ретінде көретін адамның өмір сүруіне қажетті табыс көзі болуымен қатар, оның адами бейнесін, рухани жан дүниесін айрықша білдіретіндіктен бұл қасиетті ұғымның тамыры терең, аясы өте кең.

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мақсатында Қызылорда облысының Әділет департаментінде де біршама жұмыстар атқарылды. Жыл басынан ішкі істер органдарымен 13 бірлескен тексеру жұмыстары (жедел алдын алу шаралары) ұйымдастырылып, нәтижесінде 1565 дана 626000 теңгенің DVD, CD форматтағы контрафактілік өнімдері алынды.

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау барысындағы тағы бірден-бір

құрал – заңның талаптарын насихаттау. Біздің мақсатымыз – ғылыми, әдеби және мәдени туындыларды пайдаланатын азаматтардың құқықтық сана деңгейін көтеру, қоғамымыздың әрбір азаматына зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуынан, елімізге келіп жатқан шығындарды, авторлардың құқықтарының бұзылғанын түсіндіру.

Алдағы уақытта да әділет органдары жеке кәсіпкерлер мен халық арасында авторлық және сабақтас құқықтарын қорғау барысында нәтижелі жұмыстар атқара беретін болады.

Батыр РИМОВ,
облыстық әділет департаментінің инспекторы.

